

Мұхтар Әуезовтің туғанына 100 жыл толуына арналған негізгі мерейтойлық шараларды өткізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 4 қыркүйектегі N 1322. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.04.03. N 397 қаулысымен. ~P020397

"Мұхтар Әуезовтің туғанына 100 жыл толуына әзірлену және оны өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19 шілдедегі N 810 қаулысын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 30, 340-құжат) орындау үшін және негізгі мерейтойлық шараларды ойдағыдай өткізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мұхтар Әуезовтің туғанына 100 жыл толуына әзірлік және оны өткізу жөніндегі жұмыстардың барысы туралы" Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі Мәдениет департаментінің хабарламасы назарға алынсын.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

"Мұхтар Әуезовтің туғанына 100 жыл толуына әзірлену және оны өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19 шілдедегі N 810 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 30, 340-құжат):

Д.Қ.Қасейінов, В.Л.Метте, Р.Қ.Тоқсейітов, В.В.Храпунов Мұхтар

Әуезовтің туғанына 100 толуына әзірлік және оны өткізу жөніндегі мерейтойлық комиссияның құрамына енгізілсін;

Ш.Құлмаханов, Т.А.Мамашев, Ғ.Б.Жақиянов, М.Ж.Жұрынов, О.Б.Мұхамеджанов көрсетілген құрамнан шығарылсын;

"М.Әуезовтің туғанына 100 толуына әзірлік және оны өткізу жөніндегі Республикалық штаб туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 6 ақпандағы N 164

P970164_

қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 6, 45-құжат):

көрсетілген қаулыға қосымшада:

мыналар М.Әуезовтің туғанына 100 жыл толуына әзірлік және оны өткізу жөніндегі Республикалық штабтың құрамына енгізілсін:

- Қасейінов Д.Қ. - Қазақстан Республикасының
Білім және мәдениет министрлігі
Мәдениет департаментінің
директоры, жетекшінің орынбасары
- Метте В.Л. - Шығыс Қазақстан облысының
әкімі, жетекшінің орынбасары
- Баймағамбетов С.З. - Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Кеңсесінің
Үкімет шешімдерін әзірлеуді
үйлестіру бөлімінің консультанты
- Ыбыраев Ш. - Қазақстан Республикасының
Ұлттық Ғылым академиясы
Әдебиет және өнер институтының
директоры
- Ыдырысов Е.Ә. - Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрінің
бірінші орынбасары
- Қонаев Д.А. - Халықаралық М.Әуезов қорының
президенті
- Тоқсейітов Р.Қ. - Қазақстан Республикасы
Білім және мәдениет министрінің
орынбасары (вице-министрі)
- Храпунов В.В. - Алматы қаласының әкімі

Т.А.Мамашев, Ғ.Б.Жақиянов, С.Ә.Әбдірахманов, М.Ж.Жұрынов,
Ш.Құлмаханов, О.Б.Мұхамеджанов көрсетілген құрамнан шығарылсын.

3. Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі, Сыртқы істер министрлігі бір апталық мерзім ішінде шақырылған шетелдік қонақтардың түпкілікті тізімін анықтасын және оны Мұхтар Әуезовтің туғанына 100 жыл толуына әзірлік және оны өткізу жөніндегі Республикалық штабқа ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі, Шығыс Қазақстан облысы мен Алматы қаласының әкімдері:

Қырғызстан Республикасындағы М. Әуезовтің мұражай-үйінің; Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданындағы Бөрілі селосындағы кесененің; М.Әуезовтің мұражай-үйінің жөндеу-қалпына келтіру, безендіру жұмыстарын,

Алматы қаласындағы М.Әуезов атындағы көшені қайта жаңарту, М.Әуезов атындағы қазақ академиялық драма театрын күрделі жөндеуді аяқтау жөнінде шаралар қабылдасын;

мерейтойдың басқа қалалар мен шетелдерден келген қонақтарын және қатысушыларын қонақ үйлерге орналастыруды ұйымдастырсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мерейтойдың негізгі шараларын өткізу үшін көзделген қаражаттың уақытылы бөлінуін қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Мемлекеттік кеден комитеті, Қорғаныс министрлігі шетелдік қонақтар мен ресми делегациялардың құжаттарын уақытында және жедел ресімдеу жөнінде шаралар қабылдасын.

7. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Алматы қаласы мен Шығыс Қазақстан облысының әкімдері М.О.Әуезовтің туғанына 100 жыл толуын өткізу жөніндегі Республикалық штабтың өтінімі бойынша:

үстіміздегі жылдың қыркүйегінде Алматы қаласынан Семей қаласына және кері қарай қосымша авиасапарлардың орындалуын көздесін;

мерейтойдың қонақтары мен қатысушыларына арнап ұшақтар мен поездардан орындар броньдауды қамтамасыз етсін;

шараларға, делегациялар мен қонақтарға қызмет көрсету үшін автокөлік бөлсін.

8. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Алматы қаласы мен Шығыс Қазақстан облысының әкімдері тамақтану пункттерін, мерейтойдың қонақтары мен оған қатысушыларға медициналық және тұрмыстық қызмет көрсетуді ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

9. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі шаралар өтетін және мерейтойдың қонақтары мен оған қатысушылар тұратын жерлерде құқық тәртібін қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

10. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат

істері жөніндегі ұлттық агенттігі (келісім бойынша) мерейтойға әзірліктің және оны өткізудің барысын кеңінен көрсету жөнінде шаралар қабылдасын.

11. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі шетелдік қонақтар мен облыстық делегацияларды республиканың министрліктері мен ведомстволарына бекітіп беру туралы Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі өкімінің жобасын әзірлесін және оны бекітуге

енгізсін.

12. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрі И.Н.Тасмағамбетовке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК